



КӨНЕ ТҮРКІ
КҮНТІЗБЕСІН КӨРЕТІН
КҮН ЖАҚЫН

5-бет



САЙРАГУЛ ІСІНДЕ
АБЗАЛДЫҢ ЕҢБЕГІН
ЖОҚҚА ШЫҒАРУ –
АДАМГЕРШІЛІК ПЕ?

6-7-бет



РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМ
МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ –
РАЗВИТИЕ СЕЛА

14-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

||

qazaquni2000@gmail.com

||

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

||

№9 (827), 11 наурыз, 2019



*БЕСІК ТЕРБЕТЕ
АЛМАҒАН,
ӘЛЕМДІ
ТЕРБЕТЕ
АЛМАЙДЫ...*

Дүниеде отбасы бақытынан асқан бақыт жоқ та шығар. Бұл ретте өзгелерге өнеге болар қазақ үйелмендері аз емес. Оларды әр ауылдан, тіпті, қаладағы ынтымағы жарасқан қазақы шаңырақтар арасынан да табысыз. Мен бұл сапар қазақтың көп отбасының бірі емес, бірегейі деп білетін жағдайға тереңірек үңілгім келді.

10-11
бет

ДЕКЛАРАЦИЯ: БАЙЛЫҚТАРЫҢДЫ ЖАСЫРМАЙ ЖАРИЯЛАҢДАР!



Заңда мемлекеттік қызметшілер бір парақтық қысқа декларация ғана толтыра алатыны көрсетілген. Олардың қатарына әкімдер, судьялар, министрлер мен депутаттар да кіреді. Шынын айтсақ солардың көбісі қаражаяу емес, бизнес саласынан келгендер. Қомақты пайда табатын қосымша кәсіптерін туыстарының, таныстарының атына жаздырып қойып, өздері «тақыр кедей» болып жүргендер қаншама. Былайша айтқанда бір қолымен бизнесін жүргізіп, екінші қолымен билік тізгінін ұстап отырғандар.

3
бет



КЕҢІРДЕГІ КЕҢ КЕДЕНГЕ ҚАШАҢҒА ДЕЙІН ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ?

Қытайдан тағы да қарыз алмақшы екенбіз. Біздің Үкімет бұл жолы шығыстағы көршімізден 100 миллиардтан астам теңгені несиеге беруді сұрап отыр. Бұл жолы да депутаттар бұған өз күдіктерін айтып қалды.

2
бет

ВОЗДУШНЫЕ ЗАМКИ: ПОЧЕМУ В КАЗАХСТАНЕ БУКСЮТ РЕФОРМЫ

Известно, что Казахстан – лидер по всевозможным программам, проектам, стратегиям. При этом стало традицией принимать новые программы без всякого обсуждения предыдущих проектов. Вся информация – лишь о будущем развитии какой-либо отрасли. По этой причине большой любовью при подготовке проектов пользовались формы будущего времени глагола; редко упоминалось о том, что делается в настоящее время, а о том, что сделано – обычно избегали этого вопроса, и мало информации в прошедшем времени.



МАРЖАН
ЖЫРЛЫ
МАРҚАБАЙ

16
бет

АНАЛАР АЛДЫНДА БҮКІЛ ДҮНИЕ БАС ИЕДІ

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада бір топ әйелдер қауымымен кездесіп мерекелерімен құттықтады. Кездесуге көпбалалы аналар, кәсіпкер әйелдер, танымал әртістер, ақын, құқық қорғаушы қыз-келіншектер қатысты.

«Бүгін қандай әдемісіңдер бәрің! Керемет! Бүгін Сіздерді 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтайын деп шақырдым. Қазақстанның қыз-келіншектері, аналар, апалар мына залдың ішіне сыймайды. Бүгін кешке қарай үлкен концерт болады. Сол жерде барлығыңызды тағы құттықтайтын боламыз», — деді Н.Назарбаев. Мемлекет басшысының айтуынша, 8-наурыз асыл аналарымыз бен қызғалдақтай құлпырған аяулы қыз-келіншектеріміздің



мейрамы болса да, ерлер оны өте жақсы тойлайды. «Ананың құдіреті шексіз. «Оның алдында бүкіл дүние бас иеді» деп тегін айтылмаса керек. Ерте заманда жауласқан жұрттың ортасына ана ақ жаулығын тастаған кезде соғыс тоқталып, бітімге келетін болғанын білеміз. Дәстүрімізді барынша сақтап келе жатқан

біз әйел затын қадірлейтін халықпыз. Қазақ ұлты қыз баланы әр уақытта алақанына салып, аялап отыратын. Бұл салтымыз отбасы үшін бұзылмас заңдылыққа айналып келеді. «Ана» деген қастерлі сөзді естігенде тебіренбейтін жүрек жоқ, толқымайтын көңіл болмайды», — деді Елбасы.

САҒАДИЕВТЫҢ СҮРЛЕУІНЕН САҚТАНЫҒЫЗ, МИНИСТР ХАНЫМ!

Тынымсыз да тиімсіз реформаларымен есте қалған Ерлан Сағадиевтың орнына келген су жаңа Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидинова үштілділікке қатысты өз ұстанымы мен алдағы жоспарларын білдірді.



«Заман талабына сай, балаларымыз, ең бірінші, өз ана тілін, қазақ тілін білуі керек. Себебі, қазақ тілін біз тек Қазақстанда ғана дамыта аламыз. Екіншіден, жалпы интеграциялану үшін, басқа көрші мемлекеттермен жұмыс істеу үшін бізге орыс тілі мен ағылшын тілі де қажет. Міне, осы жағдайға байланысты қазір мектептерде пәндер қазақ, орыс және ағылшын тілінде оқытылып жатыр», — деді Шәмшидинова үкімет үйінде.

Министр мектептер пәндерді ағылшын тілінде оқытуға біртіндеп көшетінін атап өтті. «Әрине, елдің бәрін көп толғандырып, көп шулатқан мәселе — ол пәндерді ағылшын тілінде оқыту. Осыған байланысты министрлік қазір кадрлардың дайындығына қарай біртіндеп көшуді қарастырып отыр», — деді ол. Оның айтуынша, 2016 жылы жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде сабақ

беретін мұғалімдерді даярлауға мемлекеттік тапсырыс берілген. Сол тапсырыспен болашақ мұғалімдер келесі жылдан бастап университеттерді бітіріп шыға бастайды. Сондықтан да балаларды ағылшын тілінде оқыту мәселесі кезең-кезеңмен, кадрлардың және мектептердің дайындығына байланысты мектептердің қалауымен біртіндеп енгізіледі. «Біз қазір 15 мектеп немесе 20 мектеп енгізсін деген талап қойып отырған жоқпыз», — деді Шәмшидинова.

Сағадиевтің тұсында қордаланған проблемалар жаңа министрге «мұра» болып қалғаны белгілі. Күләш Шәмшидинова келесі жылы жаңа білім бағдарламасын дайындамақшы. «Біз Сағадиевтің саясатын емес, мемлекеттің білім саласындағы саясатын жалғастырамыз», — деген Шәмшидинова Сағадиевтың сүрлеуіне түсіп кетпесе болғаны.

ЖАҒДАЙЫ ТӨМЕНДЕРГЕ ЖӘРДЕМАҚЫ СӘУІРДЕН БАСТАП БЕРІЛЕДІ

Елбасы премьер-министр Асқар Мәмин мен оның әлеуметтік салаға жауапты орынбасары Гүлшара Әбдіхалықованы Ақордаға шақырып алып, көпбалалы отбасылардың әр перзентіне берілетін жәрдемақыны бұған дейін айтылғандай шілде айынан емес, 1-ші сәуірден бастап төлеуге тапсырма берді.

Президенттің тапсырмасына орай ең бірінші әл-ауқаты өте төмен адамдарға бірінші сәуірден бастап жәрдемақы төленетін болды. Ал, басқасының барлығына жылдың ортасы-

нан бастап беріледі. Бұған дейін айтылғандай, табысы төмен отбасылардың ғана әр перзентіне 21 мың теңгеден төленеді. Ал қалған әлеуметтік көмектердің мерзімі өзгеріссіз қалып отыр. Яғни 1-шілдеден бастап мүгедек ұл-қыздарды асырап отырған ата-ана мен күтушілердің ақшасы 30 пайызға өседі. Сондай-ақ, дәрігер, мұғалім секілді бюджеттік қызметкерлер мен аудан, ауылдық жерлердегі мемлекеттік қызметкерлер де жоғары айлықты бірінші шілдеден алмақ. Н.Назарбаев Үкіметке бюджетке ақшаның қалай түсіп, оның

қалай жұмсалатынын жұртқа түсіндіруді тапсырды.

— Елге осының бәрін түсіндірген жөн. Күтіп отырған үміт артып отырған адамдар көп. Кейбір адамдар үкіметтен сұрасақ, бәрін береді дейді. Қайдан түседі ақша? Ақша салық төлеп отырған бүкіл қазақстандықтардыкі. Бөліп жатырмыз. Кейбірі маған хат жазып жатыр, біз бюджетке ақша құйып жатырмыз. Ал үкімет бала тапқан адамдарға беріп жатыр, олар өздерінің баласын неге өздері бақпайды деп сұрап жатыр. Осындай әңгіме қазір өте көп шығып жатыр, — деді Елбасы.

ШЫМКЕНТ ӘКІМДІГІНІҢ ТЫҢ БАСТАМАСЫ

Шымкент әкімдігі жабық кабинеттер мен есік алдындағы күзеттен бас тартып, тың басқармашылық тәжірибеге көшпекші.

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Данат Жуминнің айтуынша, шаһар басшысы Ғабидолла Әбдірахымов кәсіпкерлермен кездесу өткізіп, онда әкімдіктің бес басқармасында менеджмент амалын өзгертуді тапсырды. «Бұл нені білдіреді? Біріншіден, қала әкімінің орынбасары, яғни — мен және бес басқарма кабинеттік жүйеден — ашық кеңселік кеңістікке өтеміз. Біздің арамьда қабырғалар мен қабылдау бөлімдері, хатшылар мен көмекшілер болмайды. Басшылардың кабинеттері әйнектен тұратын болады», — деді Данат Жумин Фейсбукте. Оның жазуынша, алдағы уақытта

ашық есік саясаты жүзеге асырылады. «Екіншіден, біз халыққа жақындай түсеміз. Есік алдын полиция қызметкерлері күзетпейтін болады. Мейлі кәсіпкер, инвестор, қарапайым азамат болсын ешқандай тексерусіз азаматтарды қабылдайтын боламыз», — дейді ол. Қала әкімі орынбасарының айтуынша, «ашық» кеңседе барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері жиналады. «Заманға сай амал-әдістер жергілікті атқарушы органдар қаншалықты тиімді болады? Мемлекеттік секторға әлемнің үздік тәжірибелері сіңісіп кете ала ма? Осы сұрақтарға жауап іздейміз», — дейді Данат Жумин. Эксперимент сәуір айында басталып, жыл соңында аяқталады. «Кейін қорытындысын шығарып, халыққа міндетті түрде хабарлайтын боламыз», — деп түйді ол өз ойын.

КЕҢІРДЕГІ КЕҢ КЕДЕНГЕ ҚАШАНҒА ДЕЙІН ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ?

Қытайдан тағы да қарыз алмақшы екенбіз. Біздің Үкімет бұл жолы шығыстағы көршімізден 100 миллиардтан астам теңгені несиеге беруді сұрап отыр. Бұл жолы да депутаттар бұған өз күдіктерін айтып қалды.

Қомақты қаржыға шекарадағы 10 кедендік өткізу бекетін жаңартып, техникалық жабдықтар сатып алмақшы. Алайда депутаттар министрлердің қарыз алуға құмарлығына күдікпен қарап отыр. Кезекті отырысқа келген депутаттардың мереке алдындағы көтеріңкі көңіл-күйін Қытайдың Экспорттық-импорттық банкінен 100 миллиард теңге несие алғалы жатқан қаржы министрі Әлихан Смайылов бұзып берді. Анар Жайылғанова бастаған Мәжіліс депутаттары алмақтың да салмағы бар екенін еске салды. Алайда Әлихан Смайыловтың жауабы дайын екен. Үкімет кеден бекеттерін қалпына келтіру жобасын қазынадан қаржыландыруға қауқарлы. Бірақ осынша ақшаны бірден



берсе, бюджетке артық салмақ түседі. Сондықтан министр несие 2 пайыздық мөлшермен 20 жылға Қытайдан алған жөн деді. Бұл ретте депутаттар былтыр Алматы облысындағы бір ғана «Нұр жолы» бекетіне 70 миллиард теңге берген министрдің ісін сынға алған сияқты болғанмен бәрібір Қытайдан қарыз алу туралы келісімді бірауыздан бекітіп берді. Күдігі мол бұл жобаны тоқтату қолдарынан келмеді.

Жаңа үкіметті сайладық деп мәз болып жатырмыз. Енді міне жаңа үкіметтің алғашқы күннен-

ақ ескіше жұмыс істеп отырғанын көріп отырмыз. Қытайға берешегіміз онсыз да бастан асады. Кеден жұмысын сынға алған Елбасы табыстың қомақты бөлігі біреулердің қалтасына кетіп жатқанын жақында ғана айтқан болатын. Неге сол біреулерге кетіп жатқан қаржы есебінен жөндеу жұмыстары жүргізілмейді? Қаржы қамыты үкіметтің мойынын қажаған жоқ па? Әлде осы қарыз алу арқылы өздерінің де жеке қалтасына пайда түсірмекші ме? Жемқорлық жайлаған біздегі тәжірибеге сүйенсек ол да әбден мүмкін...

ЖЕДЕЛСАТЫ ЖАСАЙТЫН ЗАУЫТ САЛУ ҰСЫНЫЛДЫ

Депутаттар өз елімізде жеделсаты шығаратын зауыт салуды ұсынды. Өйткені әбден тозығы жеткен жеделсатылардың кесірінен апаттар жиі орын алып, адам өміріне қауіп төндіруде.

Мәжіліс депутаты Василий Олейниктің айтуынша, Қазақстан бойынша 8,5 мың көп қабатты тұрғын үйде 23 мыңнан астам жеделсаты бар екен. Олардың шамамен 40 пайызы қолдануға жарамсыз. Мерзімдері де әлдеқашан аяқталған. Сол үшін тұрғындардың өміріне үлкен қауіп төніп тұр. Әсіресе, Алматыдағы жағдай қиын. Мұнда

екі мыңға жуық жеделсаты істен шыққан. Павлодар облысында мың жарым, Қарағанды облысында мыңға жуығы қолдануға жарамсыз. Сол үшін ел бойынша жеделсатыда жаншылып немесе шахтасына құлап қаза тапқандар көп. Мәселен, Алматыда екі апта бұрын ауған соғысының ардагері жарамсыз жеделсатының құрбаны болды. Одан бұрын Ақтөбеде де 28 жастағы тележүргізуші Айзат Әбдісамат жаншылып өлген. Сол үшін мәжілісмендер Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінен мәселені бір жола шешу үшін отандық жеделсаты шығаратын зауыт салуды ұсынды

Декларация туралы әңгіме сонау егеменді ел аталып, тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнің алғашқы жылдарының өзінде талай рет қозғалған болатын. Салық саясатын дұрыс жүргізуге, жемқорлықтың жолын жабуға ықпал ететін осы бір ұтымды шараны неге екенін, үнемі кейінге сырғытумен келдік. Айтар уәж де жеткілікті еді сол кезде. Біздің билік пен кейбір билікті деген экономист сарапшыларымыздың өзі «Біз мұндай ауқымды істі енгізуге әлі дайын емеспіз» деген сылтау айтып, жекегелері кейін кетіп тұрды. Олардың қандай бағыт ұстанғанын кім білсін, халықтың ата-бабаларынан бері қалған ортақ байлығын жекешелендіріп, жіліктеліп болмаған соң ба, көлденеңнен шыққан кертартпалар оған дер кезінде жол бермеді. Егемендігімізге 24 жыл болғанда ғана, 2015 жылдың 18 қарашасында мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін декларациялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды. Сөйтіп, бұл бағыттағы сірескен сең сөгілгендей болды...

ДЕКЛАРАЦИЯ: БАЙЛЫҚТАРЫҢДЫ ЖАСЫРМАЙ ЖАРИЯЛАҢДАР!

Алдымен декларация деген ұғымның өзіне тоқтала кетейік. Ол латынша мәлімдеу, хабарлау, жариялау деген мағынаны білдіреді. Әдетте, мемлекеттік саясат пен құқықтық, халықаралық қарым-қатынастардың негізгі принциптерін салтанатты түрде жариялайтын құжаттың сипатын беретіні белгілі. Мысалы, халықаралық деңгейдегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылы 10 желтоқсандағы Адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларациясы да осыған дәлел. Сол сияқты өзіміздегі 1990 жылы 25 қазанда жарияланған Қазақстанның егемендігі туралы декларацияны да атауға болады. Дегенмен, декларацияның түрі көп. Айталық, салық, кеден декларациясы... сияқты болып жалғасып кете береді.

Халықаралық тәжірибеде тұрғындардың нақты табыстарын салықтық бақылау және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл құралы ретінде жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкін ашық жариялау түру әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан бері қолданылып келеді. Экономиканың ашықтығына ықпал ететін бұл құжатты енгізу біздің елімізде кенжелеп қалғанын айтуымыз керек.

Бірінші кезекте осыдан 4 жыл бұрын қабылданған құжатты неге қайта еске түсіріп отырғанымыздың себебін түсіндіре кетелік. Біздің қоғамда науқаншылдық деген «созылмалы сырқат» бар. Қандай маңызды құжат, мемлекеттік бағдарлама қабылдана да бастапқы кезде қызыл кеңірдек болып айналып калса да, 2-3 ай өткен соң оны мүлдем ұмытсақ. Жалпыға бірдей декларациялауға көшуді қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттерінде халықты ауқымды түрде ақпараттандыру туралы анық көрсетілген. Ал іс жүзінде сол міндеттер атқарылды ма? Әрине жоқ. Бастапқы кезде бұқаралық ақпарат құралдарында бірді-екілі айтылды да қойды. Қазір кез келген қарапайым тұрғындардан «Сіз декларация туралы не білесіз?» деп сұранышы, солардың тоқсан пайызы толық жауап бере алмайды. Оның нақты қалай іске асатынын, өзінің қандай міндеттері барын білмейді. Мүлкті жария ету міндетінен мүлдем хабарсыздар да табылады. Өйткені халық арасында түсіндіру жұмыстары өте нашар

жүргізілді. Сондықтан, декларация туралы қысқа да болса мәлімет бере кеткеннің артықшылығы болмас. Ал жалпыға бірдей табыстары мен мүлкі туралы декларация өткізу басталатын 2020 жылға да көп уақыт қалған жоқ. Сонда бұл ауқымды шараны ешқандай дайындығы жоқ мемлекеттік органдар қалай жүргізбекші?

Қазақстан Республикасында барлық жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкін декларациялау кезең-кезеңімен енгізілу көзделген. 2015 жылы қабылданған заң Ұлт жоспары – бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамының 42-қадамын, ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның аясында әзірленгені алдымен айтылды. Мәселен, 2017 жылы басталған I-кезеңде жеке тұлғалардың дайындалған санаты ретінде мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ ұлттық компаниялардың әкімшілік және мемлекеттік кәсіпорындар қызметшілері табысын жариялап, 2020 жылдан бастап 2-кезеңде барлық қалған жеке тұлғаларды қамтитын болады.

Декларацияны еліміздің барлық көмелетке толған азаматтары, оралмандар және тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар, оларға тіркелген мүлік болған кезде көмелетке толмаған балалар да, сондай-ақ ел аумағында мүлігі болған немесе Қазақстан Республикасынан салық салынбаған табысы бар шетелдіктер тапсыруға міндетті. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлердегі бар мүлкі, қаржылық жинақтары туралы декларацияны өздері ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Табыстары, мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік, көлік, бағалы қағаздар, бизнеске немесе кәсіпке қатысу үлесі және тағы басқа мүлкті иеліктен айыру немесе сатып алу туралы мәліметтер, сондай-ақ шығыстардың көздері көрсетілетін жеке тұлғаның табыстары мен мүлкі туралы декларация жыл сайын көрсетілуге тиісті. Бұл ретте, табысы жоқ тұлғалар, немесе мемлекеттік қызметші, депутат, судья, өз бетінше жұмыс жасайтын адамдар болып табылмайтын, тек еңбек ақы немесе зейнетақы түрінде ғана табыстарды алатын тұлғалар, декларацияны

бір парақтағы оңайлатылған түрде тапсыратын болады.

Сондай-ақ, заңда салық шегерімдерін кеңейту қарастырылған. Осылайша, 2017 жылдың I қаңтарынан бастап, міндетті зейнетақы төлемдері, ең төменгі айлық есептік көрсеткіш, сақтандыру сыйақыларын төлеуге жұмсалған шығыстары, тұрғын-үй құрылыс жинақ банкісінен алған қарыздар бойынша сыйақыларды төлеуге бағытталған сомалары, медициналық қызметтерге жұмсалған шығындарды төлеуге бағытталған шығыстарды төлеу түріндегі қолданыстағы салық

жемқорлықтың жолын бөгеп, жасырын табыс табуды тоқтату болып табылады.

Оны да дұрыс делік. Аталмыш заң іске қосылған 2017 жылдан бері, өзінің бірінші кезеңінде қалай жүзеге асты? Әділін айтсақ осынау құжаттың орындалу барысы жайындағы ақпаратты ешкім ашық таратқан жоқ, жасырын, құпия күйінде қалды. Жариялаудың бірінші кезеңінде мемлекеттік мекемелер, ұлттық компаниялардың әкімшілік және мемлекеттік, жеке ірі кәсіпорын иелері мен қызметшілерінің көпшіліктің назарына ұсынған декларациясын көрген адам бар ма? Оны бұқаралық ақпарат құралдары мен ең жиі қолданатын әлеуметтік желілерден айлап іздесенің де таба алмайсыз. Сонда бұл неғылған декларация?

Құдайға шүкір, бізде байлар аз емес. Салықтың ең қомақты бөлігі солар арқылы түседі деп күтілгенді. Еліміздегі байлығын есептемегенде, олар шетелге де жақсы танымал. Өйткені, Қазақстанда

латын, былтыр 29 адамға жетті. Сарапшылардың айтуынша, 2025 жылға дейін Қазақстандағы миллиардерлер мен миллиардерлер саны 12 мыңға дейін өсуі мүмкін. Ал «Форбес» жариялаған Қазақстандағы ең бай 50 адамның жалпы қаржысы – 25, 5 млрд. доллардан асқан.

Адамдарымыздың байлық бақтауы болуына ешкім қарсы емес, негізгі мақсатымыз да сол емес пе. Ең бастысы, миллиардтарың адал еңбегімен тауып, тиісті салықтарын төлеп тұрса болғаны. Бірақ, оған да үлкен күман бар. Ашықтық болмаған жерде жалған ақпараттарға жол берілетіні белгілі. Қазақша айтқанда өсек-аяң гулеп кетеді. Біздің байларымыз туралы неше түрлі алыпқашпа әңгімелер әлеуметтік желілерді жайлап алған. Оның бәріне сенсе де беруге болмайтын шығар. Біздің оқырмандарымыз «Осындай ақпаратты таратқандарды біздің байларымыз неге сотқа беріп, тоқтатпайды?» деген де сұрақтар қойып жатады. Оны байлардың өзінен сұрау керек. Бәлкім табыстың түбі шикі болған соң сотқа беруге батылы жетпейтін шығар, кім білсін...

Занда мемлекеттік қызметшілер бір парактық қысқа декларация ғана толтыра алатыны көрсетілген. Олардың қатарына әкімдер, судьялар, министрлер мен депутаттар да кіреді. Шыны айтсақ солардың көбісі қаражаяу емес, бизнес саласынан келгендер. Қомақты пайда табатын қосымша кәсіптерін туыстарының, таныстарының атына жаздырып қойып, өздері «тақыр кедей» болып жүргендер қаншама. Былайша айтқанда, бір қолымен бизнесін жүргізіп, екінші қолымен билік тізгінін ұстап отырғандар. Алматы әкімі болып тұрғанда Ахметжан Есімов «Басымда жеке баспанам жоқ, әйелімнің атындағы үйде тұрып жатырмын» деп жұрттың жүрегін ауыртқаны бар. Олай болса оны әлеуметтік жағынан нашар қорғалғандардың қатарына кіргізіп, баспана кезегіне бірінші етіп қою керек. Елге танымал шенеуніктің баспанасыз жүргені бүкіл қазақтың сүйегіне таңба түсірмей ме? Немесе талай жылдар көптеген лауазымды мемлекеттік қызметтерді атқарған, тіпті, Президент аппаратының басшысы болған Әділбек Жақсыбековты алайық. Қызметтен кетісімен өзінің «Цеснабанкін» басқаруға кірісіп кетті. Сонда ол қалай ғана мемлекеттік қызметте жүрген? Бұл біздегі заңға қайшы болса да онысын ешкім байқамағаны ма? Мұндай мысалдарды жүздеп келтіруге болады.

Бұны не үшін айтып отырмыз. Мемлекет қоржынын толтыруға үлкен үлес қосады деген байлық бағыландарымыз бірінші болып табыстарын жасыратыны бүгінгі өзінде анық байқалады. Оларға салық пен құқық қорғау саласының қызметкерлері де батып ештеңе айта алмайды. Қалтасында қаржысы, қолында билігі барларға батылы жетпейді, өйткені өз бастарына бәле тілеп алатынын біледі. Ал, табысынан он мың теңге жасырып қалған кедей-кепшіктерге қоқандау қолдарынан келеді, айыппұл салып төбесінде әңгіртайақ ойнатады. Сондықтан, бұл заңмен бекітілген шараның әділ, ережелерге сай жүргізілгені жөн. Жалпыхалықтық табыс пен мүлкті жариялау жайындағы шағын ғана әңгімімізді түйіндей келе бізге кешігіп жеткен декларацияның алдында даңғыл жол жатыр деп айтудың өзі қиын-ау...

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ



шегерімдерінен бөлек, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, көп балалы отбасылар үшін, білім алуға жұмсалған шығыстары бойынша, ҚР-ның кез келген банкісінен алынған ипотекалық тұрғын-үй қарыздары бойынша сыйақыларды төлеуге салық шегерімдері қолданылатын болады.

Тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген салық бақылауы мақсатында сонымен қатар, үшінші тұлғалардан алынған мәліметтер қолданылады. Жеке тұлғаның жариялаған табыстарының шын мәніндегі табыстарына сәйкес келмеген жағдайда, жанама әдіспен анықталған табыстан жеке табыс салығын есептеу бойынша нормалар, тіпті айыппұл салу да қарастырылған. Заңмен қарастырылған шаралардың іске асырылуы салық салудан жалтаруды анықтау және көлеңкелі экономиканың көлемін азайту мақсатында бақылауды жүзеге асыруға ықпал ететін болады. Жеке тұлғалардың декларацияны ұсынудың 2 мерзімі көзделген: –15 шілдеге дейін қазақ бетінде; 15 қыркүйектен кешіктірмей – электрондық түрде. Заңның қысқаша негізгі ережелері осыған саяды.

Қарап отырсаңыз, құжатта көрсетілген заңның кемшілігі жоқ сияқты, мәселе оның нақты орындалуында болып отыр. Бұл ережелер салық және сыбайлас жемқорлықпен күресу саласына қатысты заңдарда да көрініс береді. Айналып келгенде, басты мақсат – мемлекет қоржынына тұрғындар тарапынан көбірек қаржы түсіру,

тапқан қаржыларын шетелдерде жаратуда, былайша айтқанда солардың экономикасын дамытуда. Еуропаның төрінен қымбат сарайлар, яхталар, ұшақтар сатып алып ескі құрлық байларын есінен тандырып жатқаны да айтылып жатыр. Шетелдік құқық қорғау орындары бұл есепсіз байлықтың тазалығына күдік келтіргені де белгілі. Бір ғажабы біздің байлардың қаражатын өз отандастарымыздан бұрын шет жұрттықтар жақсы білетін болып шығады. Өйткені, бізде ашықтық жоқ. Неге құпия ұстайды? Әдетте ұрланған ақшаны ғана жасырады, олай болса біздің құқық қорғау орындары не бітіріп отыр? Әлде жалпыға бірдей декларациялаудың біздің байларға қатысы жоқ па?

2015 жылы біздің елдегі бай адамдардың саны 6,9 мың болса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 7,5 мың адамға жетті деп хабарлаған болатын кезінде Baq.kz ақпарат агенттігі.Knight Frank деректеріне сәйкес, 2006 жылы Қазақстанда дәулеті \$1 миллионға жететін 3,4 мың адам болатын, ал 10 жылдан соң 6,7 мың адамға өскен.

Ауқаты \$10 миллионнан асатын ультимиллионерлер 2006 жылы 260 адам, ал 2016 жылы 520 адам болды.

2006 жылы Қазақстанда таза табыс деңгейі жоғары (UHNWI), 30 миллион доллардан астам инвестициялық активтері бар 120 адам өмір сүрсе, 2016 жылы олардың саны 230 адамды құрады. Ал 100 миллион доллардан жоғары активі бар қазақстандықтар 15 бо-

А ЕСЛИ В КРАНЕ НЕТ ВОДЫ – ВОДУ ВЫПИЛИ ЧИНЫ?!

Депутаты требуют привлечь к ответственности чиновников за срыв программы питьевой воды в Павлодарской области – об этом заявила Дания Еспаева на пленарном заседании Мажилиса.

Депутатский запрос был озвучен по обращению предприятий о срывах реализации программ обеспечения питьевой водой. Так, в конце 2017 года для обеспечения питьевой водой жителей 15 сел Иртышского района Павлодарской области по госпрограмме «Ак булак» был запущен Беловодский групповой водопровод стоимостью 2,8 млрд. тенге. Однако его эксплуатация сталкивается с необъяснимыми проволочками чиновников, которые ложатся бременем на рядовых жителей.

Утвержденный на подачу питьевой воды по данному водопроводу тариф с учетом всех эксплуатационных затрат составляет 380 тенге за кубометр. Для таких альтернативных источников водоснабжения Правительством установлены Правила субсидирования, и сельское население должно

платить за воду не более 40 тенге. Но Беловодский водовод уже около года не получается включить в Перечень групповых и локальных систем водоснабжения, подлежащих субсидированию.

Из-за высокой стоимости воды, райцентр Иртышск отказался от услуг РГП «Казводхоз», эксплуатирующей организации водовода. Остальному населению Иртышского района подается около 1000 кубометров воды в сутки, при мощности водовода в 5400 кубометров, несмотря на потраченные миллиарды государственных денег, построенный водовод сегодня работает на 20 %.

Между тем, некоторые населенные пункты вынуждены соглашаться оплачивать по утвержденному тарифу в 380 тенге. Такой тариф, в 10 раз превышающий общие нормы, неминуемо приведет

к массовым неплатежам населения, банкротству эксплуатирующей организации и срыву водоснабжения в регионе.

С вводом Беловодского водовода в эксплуатацию, Минсельхоз трижды вносил бюджетные заявки в Минфин для рассмотрения вопроса на заседании РБК. 28 декабря 2018 года Минсельхоз обратился на имя Премьер-министра об оказании содействия по вынесению вопроса на ближайшее заседание РБК, после чего Премьер поручил Минфину совместно с МНЭ, МСХ, МИИР рассмотреть вопрос в установленном порядке. Однако, до сегодняшнего дня вопрос не решен.

«Учитывая важность функционирования Беловодского водовода, РГП «Казводхоз», несмотря на отсутствие субсидий, за счет собственных средств поддерживает бесперебойную работу объекта. Но в данное время финансовые средства Павлодарского филиала исчерпаны и социально значимый объект стоимостью 2,8 млрд. тенге



находится под угрозой прекращения подачи воды населению», – подчеркнула Еспаева и отметила, что данная проблема не единична. Аналогичная ситуация с Ижевским водопроводом в Акмолинской области, Жангалинским водопроводом в ЗКО, водопроводом Нура-Мамыр в Актюбинской области.

Депутат напомнила, что Президент в своем выступлении 27 февраля отметил особую важность обеспечения всех жителей страны питьевой водой и поручил дополнительно выделить 140 млрд. тенге на развитие систем водоснабжения.

«В свете таких поручений Главы государства, ситуация по объектам водоснабжения, на которые потрачены миллиарды госсредств и которые из-за бюрократических проволочек не могут обеспечить население питьевой водой, по крайней мере, выглядит халатным отношением к делу со стороны госорганов», – считает депутат.

В этой связи фракция обратилась к Премьер-министру с просьбой разобраться с ситуацией вокруг указанных объектов водоснабжения и дать оценку действиям чиновников, допустивших волокиту в решении данного вопроса.

И ЧЬИ ЖЕ ЭТО ХОРОМЫ? НАЦБЮРО ПРОВЕРЯЕТ ФАКТЫ ПОСЛЕ ЗАПРОСА «АК ЖОЛА»

После запроса «Ак жола» Нацбюро проверяет факты закупа жилья для чиновников – получен ответ Агентства по делам госслужбы и противодействию коррупции. Напомним, 19 декабря 2018 года фракция обратилась к Премьер-министру по проблеме злоупотреблений жилищными привилегиями за госсчёт. Депутаты привели скандальные примеры приобретения чиновниками жилья повышенной комфортности и высокой стоимости в городах: Павлодаре, Атырау, Усть-Каменогорске, Шымкенте, Кокшетау, Аксае ЗКО, Жамбылском районе Алматинской области.



В «Ак жоле» считают, что вопрос приобретения чиновниками служебного жилья за госсчёт должен быть регламентирован ценовыми параметрами и допустимой площадью такого жилья. В этой связи «акжоловцы» потребовали установить твердые критерии обеспечения госслужащих служебным жильем, например, взяв за основу параметры программы «7-20-25», либо исходя из стандартов обеспеченности жилой площадью на члена семьи.

В полученном в январе официальном ответе Правительства говорится, что предложение фракции о необходимости регламентирования ценовых параметров и допустимой площади жилья, приобретаемого государственными органами и организациями, поддерживается.

«Будут приняты меры по разработке предельных норм площадей служебного жилья и ценовых параметров стоимости жилья с учетом ограничений, установленных Госпрограммой «Нұрлы жер», – отмечено в письме за подписью Бакытжана Сагинтаева.

На днях фракцией получено письмо Агентства по делам госслужбы и противодействию коррупции в ответ на данный

запрос, в котором сообщается о проверках в местных исполнительных органах, организованных Нацбюро по противодействию коррупции.

Так, по информации Агентства, больше всего на эти цели использовано местными исполнительными органами Атырауской (965 млн.), Мангистауской (673,4 млн.) и Павлодарской областей (484,7 млн.), наименьшие расходы в ЗКО (7,1 млн.), Жамбылской (16 млн.) и Костанайской (21 млн.) областях. В основном закупаются 2-3-4-х комнатные квартиры, площадь которых варьируется от 40 до 200 кв. метров. В отдельных случаях – это элитная недвижимость площадью свыше 200-370 кв. метров, либо стоимостью свыше 40 млн. тенге.

К примеру, в Атырауской области для акима Жылыойского района приобретен 6-ти комнатный двухэтажный дом в г. Кульсары площадью 373 кв. метра, не считая пристройки, – площадь на одного члена семьи составила 62 кв. метра.

Факт приобретения квартиры в г. Кокшетау площадью 145 кв. метров и стоимостью 40 млн. тенге подтвердился. Данная недвижимость расположена в

центре города с огороженной территорией, шлагбаумом и гаражами. Она закуплена городским Отделом строительства и передана для использования в служебных целях на баланс Департамента полиции Акмолинской области.

Акимагом Шымкента на главном проспекте города закуплено 5 комфортабельных квартир в новом жилом комплексе бизнес-класса «Биик». Каждая квартира стоимостью в 43 млн. тенге имеет площадь от 109 до 120 кв. метров. На сегодняшний день данные квартиры не распределены.

«Выявлено 36 фактов неэкономного расходования бюджетных средств. Агентством проверяется каждый случай, где площадь закупленных квартир (домов) составляет свыше 100 кв. метров, а стоимость – более 25 млн. тенге. В настоящее время по отдельным фактам закупки жилья Нацбюро инициированы проверки специалистами органов внутреннего госаудита. В случае установления нарушений будут приняты процессуальные решения», – отмечается в письме за подписью Шпекбаева.

Пресс-служба «Ак жола»



«Ак жол»:

ИЗБРАН ПРЕДСЕДАТЕЛЬ НОВОГО ОБЛАСТНОГО ФИЛИАЛА В ТУРКЕСТАНЕ

4 марта в Туркестане состоялась учредительная конференция нового областного филиала ДПК «Ак жол». Напомним, что решение о создании филиала в новой Туркестанской области было принято на состоявшемся в декабре 2018 года XIV съезде ДПК «Ак жол».

В мероприятии приняли участие 350 делегатов из 16 районов Туркестанской области, а также председатель партии Азат Перуашев, его заместители Казыбек Иса, Берик Дюсембинов, председатель ревизионной комиссии Болат Утепбаев, секретарь ЦС Абдразак Султанов, руководители филиалов партии г. Шымкента, Жамбылского, Кызылординского и Актюбинского областей.

В ходе конференции состоялся очень хороший и острый разговор. Председателем филиала на альтернативной основе был избран бизнесмен Каныбек Абишев. Кроме того, был избран областной совет партии.

Участники мероприятия

обсудили вопросы поддержки бизнеса, налоговой политики, проблемы оралманов, а также инициативы Президента по социальному жилью, общежитиям и поддержке многодетных семей и т.д. Необходимо отметить, что инициативы Президента о поддержке многодетных семей вызвали большой резонанс среди делегатов конференции, среди которых было несколько многодетных матерей. Сразу после конференции Азат Перуашев ответил на их многочисленные вопросы и разъяснил те меры, которые Президент поручил правительству.

В ходе поездки по региону руководство партии посетило ряд предприятий частного бизнеса.

Каныбек Абишев, 1972 года рождения, предприниматель, руководит ТОО «Ордабек» – предприятием в Туркестанской области, основным видом деятельности которого является растениеводство и животноводство, а также предоставление услуг в сфере охоты и рыболовства.

■ ALMATY AISHYQTARY

КӨНЕ ТҮРКІ КҮНТІЗБЕСІН КӨРЕТІН КҮН ЖАҚЫН

Елбасының бастамасымен Рухани жаңғыру басталып, «Ұлы даланың жеті қырына» жалғасып жатыр. Көп нәрсеге басқаша қарай бастадық. Ұлттық мүддемізді ұлықтау басты назарға алына бастауы да көңілге дем береді.



Алматы қаласы да бұл мәселеде алда келеді. Басқасын айтпағанда Аспан астындағы мұражай – Сақ қорғанын са-

лып тастауының өзі алматылықтардың рухын бір көтеріп тастады.

Енді міне, халықтың ең көп баратын, демалатын жері – Алматы қалалық орталық мәдени және демалыс саябағындағы игі өзгерістерді атауға болады. Саябаққа кірген кезде қарсы алатын гүлалаңның ортасына көне түркі күнтізбесінің кешенді ескерткіші салынуда. Яғни, жақын арада бір мүшел – он екі жылды құрайтын жануарлардың белгісі келушілерді жамырап қарсы алатын болады. Есімізді білгеннен бала кезімізде «Жану-

арлар Жаңа жылды қалай қарсы алды?» атты қазақ ертгісін талай жарысып айтқанымыз белгілі.

Бұл тәлімді дүниені қазіргі қаланың балалары біледі ме? 2500 жылдай бұрынғы бабаларымыздың астрономиялық білігін, философиялық дүниетанымын қазіргі ұрпақ мақтанышқа айналдыруы керек емес пе? Ендеше, ұрпақтарымызға ұлттық тәрбие, рухани күш беретін мұндай сәулет кешеніне Ақ жол тілеуіміз керек қой. Алматы қаласы әкімдігі мен саябақ басшылығына алғыстан басқа не айтуға болады? Бірақ әлеуметтік желіде отырып алып, әлеумет үшін істеліп жатқан осындай рухани дүниені түсінбейтіндер де кездеседі



екен. Өздері қала көркеюіне саусағын қимылдатпаса да, аузын қимылдататындар басқа емес, өзіміздің қаракөздердің ішінен табылып жатса, олардың тамырсыздығына наразы боласыз. Яғни, солардың ұрпақтары да өздері секілді тереңге бойлай алмай қалмауы үшін жасалып жатқан көнетүркі күнтізбесінің рухани мән-мағынасы зор екенін түсіне білуі тиіс.

Көне түркі күнтізбесі ескерткіші қашан бітеді деп асыға күтіп жүрген ел көп. Солардың бірі – мен десем де болады. Біткен күні балаларды ертіп апарып көрсету, әйгілі ертегіні айтып беру – ең үлкен қуаныш болғалы тұр.

Рухани дүниелеріміз көбейе берсін деп тілейік.

Қазыбек ИСА
Qazaquni.kz

Арман ШОРАЕВ:

ЕЛДЕГІ ОРЫС МЕКТЕПТЕРІН ЖАПСЫН ДЕП ТАЛАП ҚОЮҒА ҚҰҚЫМЫЗ БАР



Дос КӨШІМ:

ҚОҒАМДА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК ТУДЫРУ КЕРЕК

«Ресейдегі жалғыз қазақ мектебі жабылды» деген сөз бәрімізді бір дүрліктіріп тастады. Арман Шораевтан бастап көптеген адамдар «Біз де Қазақ еліндегі орыс мектептерін жабуымыз керек» деген пікірді көтерді.

Қате ұран деп ойлаймын. Орыс мектептері жабылғаннан орыстiлдi азаматтар қазақтiлдi болып шықпайды. Менiнше, бiз себебiнен көрi салдарымен күрескендi жақсы көреміз.

Бiздiң мiндетiмiз – қоғамда қазақ тiлiне деген қажеттiлiк тудыру. Қазақ тiлiн меңгермеген жандар нан сұрап жей алмайтын жағдайға түскенде ғана орыстiлдi азаматтар балаларын қазақ тiлдi мектепке бередi, сонда ғана орыс тiлдi мектептер өзiнен өзi жабылады.

Қажеттiлiк екi жолмен жасалынады; бiреуi – тiлге заң арқылы қажеттiлiк тудыру, ал екiншiсiн ...Руза Бейсенбайтегi мен Оғыз Доғаннан сұрап алындар.

qazaquni.kz



■ JANAIQAI

БӘРІНЕ ӨЗІМІЗ КІНӘЛІМІЗ!

Кей кезде базбіреулер «демократиялық, зайырлы елміз» дегенге білгенді істеу дұрыс деп ойлайды. Иә, біз Тәуелсіз, демократиялық, зайырлы елміз. Алайда оған қоса ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүріміз, озық үлгіде бұрыннан қалыптасқан мәдениетіміз бар, ата-бабаларымыз салып кеткен ислами көзқарастағы елміз. Осыны ұмытпасақ,

«Жаңа заманға қарай заманауи» деген түсінікті мен кей-кезде «кері кету» деп ұғамын. Иә, дұрыс, артта қалмай ілгері жылжу керек, өзгеру керек. Бірақ ұлттық кодты, ұлттық сананы, ұлттық құндылықтарымызды жойып алмай, соларды қайтадан жаңғырту деп түсінемін. Ал, кері кетіп бара жатқан тұстарымыз жоқ емес. Қоғамдағы кез келген келеңсіздіктерге барлығымыз кінәліміз. Қателікке бой алдырған – өзіміз. Ата-ана, қоғам, үкімет, әрбір азамат болып қоғамдағы келеңсіздіктерге бей-жәй қараймыз. Егер олай болмаса: арын сатқан қыздар, жігерсіз жігіттер, тастанды жетім балалар, қарттар үйіндегі қауқарсыз жанашыры жоқ қариялар, мәнсіз-ессіз әншілер, экранды жаулаған

Қайда сіздердің көпұлтты мемлекет болғандарыңыз?

Мен сіздердің үкіметке 360 қазақ мектебін ашуды сұрай алмаймын. Алайда, өз елімдегі биліктен Қазақстандағы 1500 орыс мектебін жабуды талап ете аламын.

Әрине, сіздер ол кезде маған «фашист», «ұлтшыл» деп атыласыздар.

Енді осыдан кейін өздеріңіздің кім екендеріңізді өздеріңіз айтсаңыздар. Ұлы орыстық шовинизм боп қалсаңыздар сіздердің болашақтарыңыз жоқ. Мемлекеттеріңізде осындай үлкен сұрақ тұр», – дейді ол.

жұлдызсымақтар, «белден төмен» бағдарламалар болмас еді ғой?! Осыған өзіміз жол береміз. Оның бірінші айғағы ретінде қыздардың жалаңаштануы әлеуметтік желілерде, теледидарларда жиі байқалуда. Олардың ақталған түрі: «Біз қылмыскер емеспіз, ешкімге жамандық жасап жатқан жоқпыз, одан да педофильдер мен жемқорлармен күресіндер мықты болсандар» дейтінін қайтесіз! Ал, оған қоса лаулаған отқа су сепкеннің орнына оны одан әрі лаулататындар бар. Соларды экранға жолатпаудың орнына жарнамалағандай болып, бағдарламаларда көрсетуі жиілеп бара жатқан сынайлы... Тізіп айта берсе жетерлік.

Менің ойымша нақты заң керек!

Роман СКЛЯР, Индустрия министрі:

ҚАЗАҚ ТІЛІН АУЫЛҒА БАРЫП ҮЙРЕНДІМ



ҚР Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрі Роман Скляр Үкімет жынында қазақ тілін жақсы меңгергенін көрсетті. Тіпті, өзіне дейін баяндама жасаған

Ұлттық экономика министрінен қазақша әлдеқайда таза сөйлейтін Скляр Мемлекеттік тілді қайдан және қалай үйренгенін айтып берді.

– Мен алты жыл бойы ауылдағы туыстарыма жиі барып тұрдым, ауыл адамдарымен көп сөйлестім, арнайы тіл үйренбедім. Қазақшаны ауылда үйрендім, әйтпесе есейген жаста үйрене алмас едім. Өкінішке орай, Кеңес заманында мектепте қазақ тілі үйретілмеді... Бірақ, бәрібір қазір қазақ тілін білуім керек. Қазақшаны түсінемін, сөйлеймін, дегенмен әлі де жетілдіріуім керек, – деді Скляр.

Қатан заң керек! Ұлттық киімдеріміз бен әшекей бұйымдарымызды қорлауға жол жоқ. Қыздардың жаппай жалаңаштануына қарсы қатан заң керек... Отбасында, қоғамда жастарға ұлттық идеологияның жоқтығы жаныңды қынжылтады. Тәрбиенің көзі ретінде әрбір отбасында «Қызды қырық үйден тиымы» болуы керек.

Қазақ қызды не үшін қырық үйден тыйған? Өйткені, қазақ қызы бір отбасының ғана қызы емес, жалпы қазақ ұлтының ары, намысы, гүлі саналатын. Қазақ бабаларымыз түсінген: егер қыздың ары мен намысы тапталатын болса, мемлекеттен қуат кетеді, жігіттер жігерсіз келеді. Бір ауылдың қызының ары тапталып жатса ұлтқа сын, әрбір қазаққа сын.

Қашан да, ар, ұят, намысты биік қоятын болсақ болашақта күшті мемлекет боламыз сөзсіз!

Қалқаман АБДРАХМАНҰЛЫ

САЙРАГУЛ ІСІНДЕ АБЗАЛДЫҢ ЕҢБЕГІН ЖОҚҚА ШЫҒАРУ - АДАМГЕРШІЛІК ПЕ? Өмірхан Алтын мырзаға жауап



Астанадан алыста, екі-үш апта ем алып жатуыма байланысты интернетке кірмей қалып едім, Үкімет ауысып кеткеннен бастап, талай жәйттар орын алыпты. Оның ішінде Сайрагүл мәселесіне байланысты маған да біраз «әңгіме» айтылып, біреулер жырғап қалып жатыр екен... Енді толық жауап берудің реті келіп тұрған секілді. Қазақ Елінен пана іздеп қашып келген Сайрагүл Сауытбай өзін Жаркенттегі сотта Қытайға жібермей алып қалған алғыр адвокат Абзал Құспаннан бас тартқанда шын жанашырлары шырылдап кеткен еді. Сол кезде менің газет емес, сайт емес, әлеуметтік желі емес, уатсаптағы «Тілектестер» тобына жариялаған «САЙРАГУЛ АБЗАЛДАН АЙРЫЛҒАН КҮНІ САЙРАГУЛДЕН ДЕ АЙРЫЛЫП ҚАЛМАЙЫҚ!» деген, кейін фейсбуктағы парақшамдағы «САЙРАГУЛ ТАҒДЫРЫН САУДАҒА САЛМАЙЫҚ!» атты жазбам «жалпыхалықтық» талқылауға айналып кетіпті...



Қазыбек ИСА

Менің қателігім, «Тілектестер» тобына Германиядағы қандасымыз Өмірхан Алтынның «Сайрагүлдің елде қалуын шешкен шетелдік халықаралық ұйымдар» деген видеосын салған Серікжан Біләшұлы болған соң, видео алдындағы менің атымды жазбаса да, менің жоғарыдағы Абзалдың еңбегі туралы постыма қарсы жазбаны да сол жазған екен деп қалғаным. Сонымен, Өмірхан Алтын екеуінің бірлескен жауабы ретінде қабылдадым. Сөйтсем, ол «қыжыртпаны» жазған жолдан қосылған Жолымбет Мәкіш деген екен... Сол кезде белгілі режиссер Еркін Рақыштың Өмірхан Алтынның айтқандарына қарсы дәлелді жауабы өз парақшасында жарияланды. Мен Еркін Рақышты қолдап, өз пікірімді жарияладым. Содан соң ем алуға кетіп қалып, бәрінен хабарсыз қалыппын.

Сонымен, Германиядағы қандасымыз Өмірхан Алтынға Еркін Рақыштың посты да, тіпті оған жазған менің пікірім де қатты ұнамай қалыпты. Оның бұл туралы видеожауабын бүгін көрдім.

Өмірхан бауырымның жауабынан оның менің сөзімнен кінә арқалағандай шырылдап тұрғаны анық байқалады. Оның өзі оның жаны шын мазасызданып жатқанын (кейбіреулер секілді ойын емес) білдіреді. Оның үстіне Өмірхан Алтынды ең көп жариялап, насихаттаған

«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталы екенін ол кісі жақсы біледі деп түсінемін.

Мен сөзімде азаматтық пен адамгершілік туралы айтқанымда оны тек Өмірхан бауырыма байланысты ғана айтқан жоқпын, жалпы қазіргі қалыптасқан тенденцияға байланысты айтқанымды сөз түсінетін Қазақтар айқын түсінді деп үміттенемін.

Алдымен, Өмірхан бауырымыз Еркін Рақышқа қарсы еркін «көсіліпті». Одан соң, кезек біз пақырға келіпті... Экраннан екпіндеп, саусағын қайта-қайта безегенде, Еуропаның зиялысы емес, біздің ауылдың біргәдірі еске түсіп кете береді екен...

Өмірхан Алтын мырза, сіздің айтуыңызша Қазақстанда болып жатқан Сайрагүл сотының тағдырын тек қана шетелдік халықаралық ұйымдар шешкен болса, Қазақ қызын Қытайға бермейміз деп дүр көтерілген Қазақ халқы не істеп жүрген сонда? Адвокат Абзал Құспанның қандай алапат еңбек еткенін ел жақсы біледі. Ұшақ үш жарым сағат ұшатын сонау Оралдан талай ұшып келіп жүрді. Оның Алматыға алғаш ұшып келе жатқанын маған түнгі 3-4 шамасында Серікжан Біләштің өзі айтты. Себебі, Сайрагүлдің күйеуі Уәли құқық қорғау орындарынан қорқып, қарсы болып, тулап отыр екен. «Күйеуін қайтсендер де көндіріңдер» деген болатынмын. Абзал осының бәріне, еңбегіне де Сайрагүлден бір тиын алған жоқ. Ол ұлттық мүдде жолында жанып кететін жалынды жігіт. Оған талай куә болғанбыз. Халықаралық ұйым керек болса, Сайрагүлді сауатты да, жауапты, білікті қорғай білген ұлтшыл заңгер Абзал Құспан Біріккен Ұлттар Ұйымының ана мен балаға, отбасы қауіпсіздігіне жауапты халықаралық ұйымдарын іске қосып, олармен байланыс жасады. Сайрагүл Сауытбайдың елде қалуында Абзалдың еңбегі жоқ деу үшін арсыз болу керек шығар... Мен бұл жерде бұл сөзді сізге емес, жалпы ай-

тып жатырмын. Бұл ұнасын, ұнамасын, кімге болса да, айтарым осы!

Сайрагүл соты кезінде қаншама халық, кәрі-жас демей, шілденің шіліңгір ыстығында 350 шақырымдағы Жаркентке барып жүрді?! Оларды ол жақта құдалары күтіп жатқан жоқ, күні бойы сот ғимаратының алдында сандалып жүру оңай ма? Менің өзім Астанада болғасын, әйелім Жәннат Мырзаны өзі секілді Желтоқсан ардагерлерімен қосып, баламның жұмысын тастатып, бір мәшине етіп жібердім. Қасындағы әйел кісілердің кейбірінің жасы алпыстан асып кеткен... Олардың сот алдынан сұхбат бергені «Қазақ үні» сайтының видео бөлімінде тұр... Жәннат Абзал Құспанның жаһанға сұрау салуымен, қайда жатқанын ешкім білмей қалған Сайрагүл Сауытбайдың Жаркент түрмесінде жатқанын туыстары арқылы анықтап, алғаш тауып берген адам.

Мысалы, белгілі қоғам қайраткері Серік Сапарғали денсаулығына да қарамай, жаздың қапырығында өзі ғана бармай, фейсбукта елді ұйымдастырып, апарып жүрді. Сайрагүл тағдыры толғандырмаса, ол солай қайрат көрсетер ме еді? Маған сенбесеніз, өзіңіз жариялаған видеоның астындағы пікірлерде сізге жауабы тұр. Іздеп, алтын уақытыңызды кетіріп, әуре болмай-ақ қойыңыз, жариялай салайын:

«Өмірхан мырза! Мен Сізді сыртыңыздан сыйлап жүргенмін... Бірақ, мына видеоны көріп таң қалып отырмын. Сіз, ақылды адам бола тұрып, қалай Сайрагүлдің тағдырын ойыншық қыласыз? Ол деген жер мен көктің, өлім мен өмірдің арасында ілулі тұрған байғұс әйел ғой! Ол айтатынының бәрін сотта, бүкіл халық алдында айтты, енді оны тағы да бірдеңеге итермелеу — нағыз имансыздық деп есептеймін! Біләшұлымен бәрі түсінікті, ол кез келген заттан өзіне ниірды керемет істейді.

Оны тыңдасан, бүкіл дүние жүзі соның ауызына қарап отыр.

Жаңаөзен туралы пікіріңіз де қате. Ереуіл кезінде Европарламентте мәселе көтерілді, тіпті мұнайшылар сонда барып қайтты, Жаңаөзенге Европарламенттің екі депутаты келіп кетті, Облыс әкімімен кездесті, сондай бір Польшадан депутат Ақтаудағы сотқа да қатысты. Тіпті, әнші Стинг Астанаға концертке барудан бас тартты. Соның өзі Сіздің ондағы жағдайды жақсы білмейтініңізді көрсетті. Сіздің сол кезде қазақ халқына, Маңғыстауға қолдау көрсеткенізді неге еш жерден естімедік? Сөйлейтін ҰЙЫМ жоқ дейсіз. Бұл күлкілі сөз... Сіз Германиямен Қазақстанды шатастырған жоқсыз ба? Еркін Рақышевпен мен дос емеспін, бірақ мына үш пікірін де толық қолдаймын. Ал Абзал Құспан Жаңаөзен халқын қорғауға барған санаулы заңгердің бірі. Ол сынақтан өткен Азамат!» — дейді Серік Сапарғали.

Әрине, сіз айтқандай шетелдік халықаралық ықпалды ұйымдардың да әсерін жоққа шығармаймыз?

Сіздің Еркін Рақышқа ежіктеп, қайта-қайта айтқан сөзіңізде: «Сайрагүлді алғаш тапқан Серікжан Біләшұлы» депсіз. Ал оған кім қарсы болып отыр? Серікжанның да, Қыдырәлі Оразұлының да Қытайдағы қазақтарды қорғаудағы еңбегін мен жақсы білемін. Серікжан Сайрагүл тағдырын алғашқылардың бірі ретінде маған да хабарлаған. Содан соң, Нұргелді Әбдіғани Абай.кз сайтында хабар жариялады. Мен «Қазақ үні» сайтында «ЕЛІМ ДЕП ЕНІРЕП КЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІН ҚЫТАЙҒА ҚАЙТАРУ — АЖАЛҒА АЙДАУ!» атты бір күнде 20 мыңдай адам оқыған өткір мақала жарияладым. Содан бүкіл халық үн қосып кетті. Ал Жаркенттегі сот кезінде белгілі тележурналист Сәуле Әбілдаханқызы тікелей эфир арқылы бүкіл елге хабар таратып, елдің еркін білдіріп отырды. Тап бір Ұлы Отан соғысы кезіндегі ел «Информбюродан» Левитанды тыңдағандай күтіп жүрді ел. Бұған сенбесеніз, 1-тамыз күні Сайрагүл Сауытбай соттан шығып келгенде Қыдырәлі Оразұлы мен Серікжан Біләшұлы бастаған «Атажұрттықтар» Алматыдағы «Алатау» мейрамханасында атап өтті. Ең бірінші маған сөз берді,

ютубта жүр. Сол тойдың видеосын көрсеніз, менің осы айтқандарымды Серікжан Біләшұлы жақсылап тұрып, әдемі айтып берген.

«Ал адвокатқа да көп нәрсе байланысты екенін Абзалдың әр қиын, ұлттық мүддені қорғаған жеңістерінен де, кешегі күнәсіз сотталып кеткен «Гаухар Әлімбекова» ісінен де аңғаруға болады» — деген сөзіме, алғашқы видеоның Сайрагүлдің бо-сауына ең алдымен Тәуелсіз сот... ықпал етті деген сіз енді: «Биліктің айтқанымен істейтін тәуелсіз сот болса, онда Сіздің айтқан адвокаттың қандай ықпалы болады? Бұл мәселеде сіздің айтып отырған адвокатыңыз не шешеді?» — деп жауап қайтарыпсыз. «Биліктің айтқанымен істейтін тәуелсіз сот» — деген сөзді де, (биліктің айтқанымен істесе тәуелсіз болады ма?), бұл жерде қай адвокатты айтып отырғаныңызды да түсінбей отырмын. Менің айтқаным, егер Гаухардың адвокатының орнында Абзал болса, ақтап алар еді деген ой. Менің ол сөзімді кез келген адам ұғына алады...

Сонымен, Сайрагүл мәселесімен сайрап отырған Өмірхан Алтын мырза кенеттен «халықтың көзін аша» жөнеледі... «Ренжімесеніз, мен сіз туралы бір мәселені айтып, халықтың көзін ашып берейін» деп соғып жіберді... «Ойпырмай» дейтін-ақ жағдай ғой. Тыныштық сақтап, назар аударыңыздар! Бұл кісі не дейді екен? Сөйтсек, «қысылғаннан қыз болдық» дегендей, басқа дым таппағасын, Сайрагүлге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын... банк мәселесі екен. Басында мен ойлап қалдым, шетелдегі офшордағы миллиондарымды біліп қойып, «халықтың көзін ашатын» болды ғой деп... Бұл адамдар бәріне де бара береді екен-ау... Кеше бүкіл қазақтың қабырғасын қайыстырған Астанадағы өртеніп кеткен бес періштені сөз етіп отыр!?! Сондағысы, «сіз сол қайғылы отбасының қарызын кешірген «Каспи» банкіне жарнама жасадыңыз» деп тұр... Күлесіз бе, жылайсыз ба? Бес періште қазасына қайғырмаған адам жоқ. Қаншама ақын жаны жылап жыр жазды? Соның ішінде ол оқиға туралы үкіметтен бастап, министрлерді сынаған бірнеше мақала жазған менің «Жер бетінде періштерге



БАС ПРОКУРАТУРА:

ҚЫТАЙ

Сайрагүл Сауытбайды қайтаруды сұрап отырған жоқ

Қытай Халық Республикасының өкілдері этникалық қазақ Сайрагүл Сауытбайды қайтару үшін ресми сұраныс жіберген емес. Бұл туралы Бас прокуратура TengriNews.kz ресми сауалына берген жауабында айтылады. «Қытай Халық Республикасының құзырлы органдары Сайрагүл Сауытбайды беру туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына ресми түрде қайтару сұранысын жіберген емес», – деді ҚР БП өкілдері.

жоқ орын» атты жүректен шыққан жырымның алдымен аудиоға, кейін видеоға айналып, бүкіл елді күңіретіп кеткенін Германияның саялы қаласында салқын үйде Қазақстанға компьютер мониторынан қарап отырған шенеунік қайдан білсін...

Сіз олай біздің жанды жерімізге тимеңіз. Әрине, сіз түйсіксіз адам емессіз, менің банктуралы не үшін жазғанымды жақсы біліп отырсыз. Бірақ бір отбасының ғана емес, бір елдің қайғысына айналған қасіретті бар болғаны жеңерақы үшін пайдалануыңызды қалай түсінуге болады?

Бес баладан тірідей айрылған қайғылы отбасының енді төбесінен төрт банк қарызы төніп тұрғанда, кешірім жасаған «Каспи» банкке елдің бәрі риза болды. Жауыңа тілемес ауыр қасіретті қайғыға душар болған отбасыға адамгершілік жасап, имандылық көрсеткен банк ұжымына қатты қуанған менің «Бес баласы отқа оранған отбасының қарызын кешірген «Каспи» банктен өзгелер үлгі алсын!» – деген постымды біздің елде ешкім жарнама жасап отырсың деген жоқ. Өйткені, олар шетелден шекесінен қарап отырған жоқ, қабырғасы қайысып, қайғырып отыр еді. Өмірхан Алтын мырза, бұл қайғылы жәйтке арналған менің банк туралы жазбамады оқығанда, жерден жеті қоян тапқандай қуана кеткенше, астындағы пікірлерге бір қарап алмадыңыз ба? Басқаны білмесеңіз де, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құрылған кезден еңбек сіңірген қазақтың белгілі қызы Ботагөз Уатқанды жақсы білетін шығарсыз? Оның: «Каспи» банкке рахмет, өз тараптарынан қайғысына ортақтасып, аз да болса көмек беріп жатыр»-деп қуанғанын оқыған жоқсыз ба? Елімізге белгілі журналист Өмір Есқалидың: «Азаматтық! Басқа банктен неге үнсіз? Бір ғана банктен алуы мүмкін емес» – дегенін, Роза Боқашқызының: «Адамдардың қиналғанға сүйеу болып, біреудің қасіретін өз қайғысындай бөлісуі – азаматтық емей немене?» – деп, ризашылық білдіргенін оқымадыңыз ба? Сонда бұлар да банкіні жарнамалап жатыр ма? Әрине, оқымайсыз, өйткені, мынадай «халықтың көзін ашатын» фактіні көргенде, өз

көзіңіз ашылмай, тұманданып кеткен шығар...

Ал сол банк қарызын кешпегенде, ол қаржы қайғылы отбасының мойнында тұра беретін еді ғой... Жоқ, сіз төлеп берер ме едіңіз? Төлеңіз онда, қалған үш банкінің қарызы болуы керек әлі? Егер ол банктен де қарызын кешіп жатса, мен тағы да мақтап жазып, «жарнама» жасаймын.

Кір терезесінен қараған адам сырттағының бәрін лас деп ойлайтынын ұмытпаңыз.

Ал сіз қадап айтқан Ұлттық мүддеге келсек, кімнің қандай еңбек сіңіріп жатқанын өзіңіз айтқандай, бір Алла мен халық жақсы біледі.

Өмірхан Алтын мырза, сіздің Дүниежүзі қазақтары құрылтайында Елбасыға Қытайдағы қазақтар мәселесін жеткізгеніңізге ризашылық танытып, ол туралы ең көп жазған «Қазақ үні» болар. Ал Қытай қазақтары тағдырымен мен қазір емес, осыдан он үш жыл бұрын, 2006 жылдан айналысып, парламентте де талай көтерткізіп келемін. Сол жылы Үрімшіге іссапармен барған сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Ислам Әбішевтың ұсынысымен мен Үрімшіге арнайы барып, сондағы Қазақстан елшілігі консулдығындағы қазақтардың елімізге келуге виза алуының қиындығы, ондағы қалыптасқан келеңсіздіктер туралы зерттеп, «Қазақ үні» газетіне мақала жазған болатынмын. Ол мақаладағы мәселе туралы сол кездегі «Ақ жол» партиясы төрағасы Әлихан Бәйменов парламентте депутаттық сауал жолдаған еді. Нәтижесінде Үрімшідегі екі адамдық консулдық тағы төрт адамға ұлғайып, консулы ауысты. Содан бері санағанның өзінде «Қазақ үні» газеті осы уақытқа дейін жүз шақты материал жариялады.

2017 жылы 11 мамырда Астанада «Ақ жол» партиясында өткен латын әліпбиіне өту туралы жиында «Атажұрт еріктілері» ұйымы төрағасы Қыдырәлі Оразұлы мен академик Советхан Ғаббасұлы қатысып, алғаш Қытайдағы қандастардың қамалып жатқанын мәлімдеді. Бұл мәселе «Қазақ үні» газеті/сайтына жарық көріп, Қытайдағы қапастағы қазақтар туралы мәлімет алғаш баспасөзде жарияланды.

2017 жылы 1-желтоқсанда Бейжіңде өткен Әлем саяси партияларының бірінші форумында «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев екеуміз Қытайдың мемлекеттік төрағасы Си Жинпинге жазылған, Қытайдағы қамалған 112 қазақтың тізімі бар хатты тапсырдық. Бұл хатты біз Бейжіңге жүрер алдында маған «Атажұрт» ұйымы басшылары Қыдырәлі Оразұлы мен Серікжан Білешұлы әкеп берген еді. (Сондықтан да, менің өткенде қазақ зиялыларының «Атажұрт» жайлы Ашық хатына қол қоюдан бас тартқаным).

Бұл Қытайдағы қазақтар тағдырына халықаралық деңгейде араласудың алғашқы қадамы болды. Ол үлкен резонанс туғызып, қоғамдық қозғалысқа ұласты.

Сол біз хат тапсырған кездің өзінде олардың ішінен 27 адам сотталып, оның 2-уі өліп кеткен екен. Хат тапсырылғасын сотталғандардан 4-і шыққан. Ал саяси лагердегі 83 адамның 75-і шыққан, сонда 112 адамнан 79 адам шыққан болып тұр. Оның 17-ісі Қазақстанға оралған. Яғни, тізімдегілердің 75 пайыздайы бостандыққа шыққан, бұл жақсы нәтиже деуге болады.

Бұның бәрі сізге де, елге де белгілі әрине, бірақ бізде басқа планетадан келгендей «сен не бітірдің?» дейтіндер көп, соларға айтып жатырмын.

Өмірхан Алтын мырза, біз бүкіл әлемде бәріміз бір қазақ болғасын, оны өз жеке мүддемізге байланысты бөліп-жармай, ұлттық мүддеде қарастыруымыз керек. Біз үміт күткен шетелдегі сіз секілді еркін ойлы бауырларымыздың ел күткеннен тыс біржақты болып кетуін қаламаймыз. Сіз «қыңырдың емес, қырықтың» ойымен санасуыңыз керек.

Бірлік бар жерде, тірлік бар екенін ұмытпайық!

Сыйласып жүріп, біраз жерге барысып қалғанымыз үшін, артық кеткен жерім болса, кешірім сұраймын. Бақсам, бақа екен дегендей, мұның бәрі жолдан қосылған жолдыаяқтардың араға шоқ тастап, екі арада құл тасуынан басталған екен. Тұмсығын тықпайтын жері жоқ, иісілдігіне ит жетпейтін бұл немерлерге не жетпейтінін түсінбеймін... Әлде, мәселе бұл тақырыпта емес, мүлде басқа жақта ма?.. Оны да анықтау алыс емес шығар...

Ведомствоның мәліметінше, 2018 жылдың 25 шілдесінен бастап Сайрагүл Сауытбай Қазақстан аумағында саяси баспана іздеуші адам мәртебесіне ие.

4 қазанда Алматы облыстық полиция департаментінің көші-кон қызметі комиссиясы босқын мәртебесін беруден бас тартты. Әйел шешімге шағымданып, сотқа жүгінді. Іс Талдықорған сотының өндірісінде.

«Сауытбай өтінішті қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда шешім шығарылған күннен бастап бір ай ішінде азаматтық іс жүргізу кодексінің 403 және 404-баптарында көзделген тәртіппен апелляциялық шағым беруге құқылы. Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысына күшіне енген күннен бастап (жария етілген күннен бастап) алты ай ішінде АІЖК-нің 441-бабының талаптары сақтала отырып, Жоғарғы сотқа шағым жасалуы мүмкін. «Босқындар туралы» Заңның 8-бабы 1-бөлігі 6-тармағына сәйкес пана іздеген адамның босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат бойынша шешім қабылданғанға дейін, шағымдану мерзімін қоса алғанда, Қазақстан Республикасында болуға құқығы бар.

Сонғы шешім қабылданғанға дейін Сайрагүл Сауытбай Қазақстан Республикасының аумағында пана іздеген адам мәртебесінде болуға құқылы», – деді Бас прокуратура өкілдері.

Сауытбай 2018 жылдың мамыр айының ортасында отбасымен көрісу үшін Қытай шекарасынан өтті. Бұрын оның күйеуі мен екі баласы Қазақстанға қоныс аударып, осы елдің азаматтығын алған. Алайда, әйел отбасына қосыла алмады. Оның айтуынша, Қытайда ол бюджеттік ұйымда жұмыс істеген, сондықтан Қытай билігі оның туыстарымен бірігуіне кедергі жасады.

2018 жылы 1 тамызда Жаркент қаласында Қытайдан келген этникалық қазақ Сайрагүл Сауытбай ісі бойынша шешім қабылданды. Ол Қазақстанның мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өткеніне кінәлі деп танылған еді.

Сайрагүл Сауытбай алты айға шартты түрде бас бостандығынан айырылды. Сот оған Қазақстаннан шығарып жіберу түріндегі жаза тағайындамауды шешті. Сайрагүл Сауытбайды сот залынан босатты

Qazaquni.kz





«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ҚҰРЫЛДЫ

Түркістан қаласында «Ақ жол» Демократиялық партиясының облыстық филиалының кезектен тыс конференциясы болып өтті.

Конференцияны кіріспе сөзбен «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев ашты. Конференцияға «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса, Мәжіліс депутаты Берік Дүйсенбинов, партия Орталық Кеңесі хатшысы Әбдіразақ Сұлтанов, партияның Орталық аппаратының ревизиялық қадағалау комиссиясының төрағасы Болат Өтепбаев, «Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалының төрағасы Әлімхан Әжанов, партияның Орталық Комитет мүшесі, саясаттанушы Бөріхан Нұрмұхамедов қатысып, сөз сөйледі. Сонымен қатар, конференция жұмысына партияның Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Асқар Садықов пен Қызылорда облысы филиалы төрағасы Жорабек Пірманов те қатысты.

Конференцияға Түркістан облысының аудандарынан 300 делегат қатысты. Конференцияда екі мәселе қаралды. Олар: 1) 2018 жылдың 13-желтоқсанында Астана қаласында өткен партияның XIV съезінің Түркістан облыстық партия филиалын құру туралы шешімін орындау; 2) Түркістан облыстық филиалының төрағасын және кеңес мүшелерін сайлау.

Конференция қорытындысы бойынша, Түркістан облыстық филиалының төрағасы болып кәсіпкер Қаныбек Әбішев Әлмаханұлы бір ауыздан сайланды. Облыстық кеңес 25 адамнан құралатын болды. Конференция тиісті қаулы



қабылдады.

Конференция соңында А.Перуашев пен Б.Дүйсенбинов Мәжіліс депутаттары ретінде жұртшылықтың берген сауалдарына тұжырымды жауаптарын берді. Соның ішінде Азат Перуашев Елбасының жуырда

ғана көпбалалы аналарға қолдау жөніндегі тапсырмасына кеңірек тоқтап, түсіндірді. Конференцияға қатысқан көпбалалы аналармен кездесіп, олардың сауалдарына жауап қайтарды.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНА АҚ ЖОЛ!

*Түркістан – екі дүние есігі ғой.
Түркістан – ер түрліктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түркітің Тәңір берген несібі ғой!* – деп, Алаштың ақиық ақыны Мағжан жырлаған Түркістан бұл!

Түркістан – түгел түркінің қасиетті рухани ордасы. Ел осы Түркістанның облыс орталығы болуын тілеп келді. Елбасы ел тілегін екі есе орындап, Түркістанды облыс орталығы етіп, облыстың да атын Түркістанға ауыстырды. Киелі Түркістан атын иеленулеріңіз құтты болсын, құрметті түркістандықтар!

Жолда біз Есім ханның бас қолбасшысы болған Алатау батырдың ескерткішіне тағзым етіп, қасиетті Әзірет Сұлтан – Қожа Ахмет Яссауидің кесенесіне зиярат етіп шықтық. Ондағы бүкіл хандарымыз бен би-батырларымыздың рухына құран бағыштадық.

Түркістанның облысқа айналуына ұлттық мүддені ұлықтап келе жатқан «Ақ жол» партиясының да үлесі бар. Біз жыл сайын киелі Рамазан айында қасиетті Түркістанда ауызашар беріп келеміз. Былтыр мамырдың 25-26 күндері ауызашар өткен күні партияның Орталық Кеңесі пленумын да өткіздік. Партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев сол ауызашарда: «Жыл сайын ауызашарда Түркістанды облыс орталығы немесе республикалық маңызы бар қала етуді тілейтін едік, қасиетті Рамазан айында тілегіміз періштелердің құлағына шалынып, биыл осы түгел түркі елдендей күткен игі шара қолға алынып жатыр» – деген еді.

Міне, қасиетті Рамазан айында, киелі Түркістанда айтылған тілекті Алла қабыл алып, Түркістан облысқа және облыс орталығына айналып отыр. «Ақ жол» партиясының Түркістан облыстық филиалы барлық облысқа үлгі боларлықтай алда болуы тиіс. Өйткені, Түркістан мәдениет пен руханияттың ордасы. Түркістандықтар о бастан саяси сауатты да жауапты болып, қоғамдық белсенділіктерін көрсетіп келеді. Оны, міне, мынау 350 адамдық залдың ине шаншар орын қалдырмай толып отырғанынан-ақ білуге болады. Ал қазір Түркістан облысы филиалының тұңғыш төрағасы болып сайланған іскер кәсіпкер бауырымыз Қаныбек Әбішев Әлмаханұлы бұл тұңғыш деген сөздің салмағын, жауапты міндетті абыройлы атқара біледі деп сенеміз! «Ақ жол» партиясының Түркістан облыстық филиалына Ақ жол тілейміз!

Сөзімді Тұран тұлғасына айналған ұлы Мағжан ақынның өлеңімен бастап едім. Енді өз өлеңіммен аяқтайын:

*Алуан үн бойыңда қырқысқанда,
Аруағың жаныңды шын қысқанда,
Бір Құдірет өмірде бар екенін,
Білің келсе –
Келіп қайт Түркістанға!*

Қазыбек ИСА
«Ақ жол» партиясы
төрағасы орынбасары





есімін халқына қайта таныстырып, биік тұлғасын тұтасымен айқындайтын көптеген құжаттардың із-түзсіз жоғалып не жойылып кеткеніне өкіндім. Алайда колда бардың өзін де дұрыс базарлап, әлі де көзі тірі көнекөз қарияларды жағалап, мұражайларды ақтарып, біраз зерттесе, көп нәрсенің беті ашылар деген үміт оты да көңіліме демеу болды. Осы орайда облыстық «Қазақ тілі» қоғамы бас болып, өлкетану мұражайы, жас талапкерлері қосшы болып Қазан, Уфа, Троицк секілді қалаларға шейін қамтып зерттеу жұмыстарын жүргізсе, туған өлкеміздің тағы бір асыл ұлы тарих төрінен лайықты орнын алар еді» деп аяқтаптын. Құдайға шүкір, тарихшы ғалым Мәмбетәлі Қойгелдиев 2009 жылы «Алаш» журналының № 6, санында, «Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940 годов» Алматы, 2009, және «Қазақ әдебиеті» газетінің 2009 жылғы № 43 санында Ахмет Жанталин туралы

тұлғалармен қатар Ахмет Жанталин де аталып, конференцияның құрметті қонағы болып Аида Ахметқызы жұбайы Қабдыр ағамен қатысады, әкесі Ахмет Жанталин туралы құнды мәліметтер айтады. Аттары аталуға тиым салынып, ұмыт болған тұлғалар тарих сахнасында қайта жарқырап, ұлт үшін жасаған еңбектері лайықты бағасын алды. Ол конференцияға ардақты ақын жерлесіміз Кәкімбек Салықов, академик Салық Зиманов та қатысқан еді.

Тағы да біраз еңбектеніп, тарихшы ғалымдармен байланыс жасап біраз деректер жинап, Аида апамыздың әкесі туралы тағы кітап жазып, 2015 жылы жарыққа шығарады. Кітап көлемді, орыс тілді оқырмандарға да түсінікті болуы үшін орыс тілінде жазған екен. Кітаптың көптеген даналары облыстық кітапханаларға таратылды, ғаламторда да жарияланды.

Кітап тарих ғылымдарының докто-

кетіп, бас сауғалауға мәжбүр болады. Екіншіден, ардақтап өсірген үш бірдей ұлы Ұлы Отан соғысы майданында қаза табады. Осының бәрі асыл азаматқа онай тимегені хак. Халық жауы атанған адамның үш ұлы жазықсыз қудалана елді қорғаймын деп мерт болғаны тағдырдың нағыз тәлкегі еді. Көзі тірісінде осындай қиыншылықтар көрсе де, халқына деген сүйіспеншілігін жоғалпаған Ахмет халқына бейбіт заманда адал еңбек еткен ұл-қыздарды тәрбиелеп, өсіреді. 1950 жылы 75 жасында бақылық болады. Алаштың ардақты азаматы тек Қаз.ССР Жоғары Президиумының 16.01.1989 жылғы «О дополнительных мерах по восстановлению справедливости в отношении жертв репрессии 30-40 г.г.» жарлығымен ақталады. Осы деректердің бәрі Аида апамыздың кітабында толық жазылған.

Кітаптың тағы бір бөлімінде «Улфат», «Ауқат», «Қазақ» газеттерінде

АЯЛАЙЫҚ, АРДАҚТАЙЫҚ АНАНЫ!

*Алаш ардагерінің тұяғы
Аида Ахметқызы туралы сыр*

Қазақ қыздарының арасында халқымыздың тарихында лайықты орнын алып, талай ерліктер жасап, кейін бүкіл елге ана болған адамдар бар. Сондай аналарымыздың бірі – 8 наурызда 89 жасқа толып отырған Аида Ахметқызы Жанталипа апамыз. Тағдыр маған Аида Ахметқызымен жақын араласуды нәсіп етті. Апайдың мінез-құлқынан, іс-әрекетінен текті кісінің ұрпағы екені байқалып тұратын. Ағасы Талғат Ахметұлы Тегісов – ауылшаруашылығы саласының белді маманы, басшылықта болған кісілер.

Еліміз егемендік алып, өшкенимізді жаңғыртып жатқан заманда мен де Алмалыбақ ауылының «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы ретінде ауылшаруашылығы саласындағы белгілі тұлғалар туралы мақала жазумен айналыстым. Алдымен Талғат Ахметұлы туралы аудандық газетке мақала дайындау барысында әкесі Ахмет жөнінде алғаш рет естідім. Соның бірі 1962 жылы Талғат Ахметұлының Қарта Қаңтарбаев деген азамат арқылы жинақтап, түптеп дайындап кеткен әкесі Ахметтің әртүрлі газет-журналдарда шыққан мақалаларының көшірмелері еді. Болашақты ойлай жүретін адамдарға тән қасиетпен Тәкен оған кіріспе сөз жазып, әкесі туралы бірқатар деректер қалдырған. Онда ол кісі былай деп жазады: «... тарихты зерттеп, институттардың жас талап қызметкерлері көп уақытқа созбай әлі ескіріп кетпеген кезде Ахметті батыл сынап, әділ шешуі тиісті. Ол жалғыз оның тұқымдарына не болмаса балаларына ғана керек деп ойлануға болмайды». Осы мәліметтерді жинақтап, 1993 жылы 20 шілдеде «Ленин Туы» газетіне (қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газеті) «Өткен күнде белгі бар. Ахмет Тегісов» атты мақала жаздым. Көп деректерді Аида Ахметқызынан алдым. Сол мақаламды «Бір жағынан Ұлы Адами мәселелерді насихаттап, жеке қара басының емес, бүкіл халық қамын жоқтаған Есіл азаматтың небір әділетсіздікке душар болғанына налысам, екінші жағынан ол кісінің

мақалалар жазған екен. Кезінде еліміздің біртуар азаматы академик Евней Букетов та Ахмет атамыз жайында қалам тартыпты.

Әсіресе, Аида апамыз Ахмет Жанталиннің атын тарих төріне қайта шығару жолында жақсы еңбектеніп келеді. «Менің өмірімнің мәні патриот – ағартушы әкемнің аты алдында қызы ретінде оның еңбектерін насихаттап, Қазақстанның тарихи жетістігіне қосқан үлесіне лайықты бағасын беру арқылы парызымызды атқару» деп ағынан жарылады. Осы жолда ол 2005 жылы «Мудростью отца восхищаюсь» деген кітап жазады. 2010 жылы 3-4 маусымда Петропавл қаласында «Солтүстік Қазақстан: аймақ тарихы, тұлғалар тағдыры» деген ғылыми-практикалық конференция болғаны белгілі. Ол конференцияны ұйымдастыруға белгілі қоғам қайраткері Сабыр Қасымов, профессор, тарих ғылымдарының докторы Мәмбетәлі Қойгелдиев басшылық еткен. Онда Алаштың ардақтылары Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Қошқе Кемелгерев, Жұмағали Тлеулин секілді




ры академик М.Қойгелдиевтің «Ахмет Жанталин – яркий представитель национальной интеллектуальной элиты XIX-XX веков Казахстана, истинный патриот, грамотный политик, широкогранный просветитель, член партии Алаш» деген кіріспе сөздерімен басталады.

«Становление личности Ахмета» деген тарауда Ахмет дүниеге келген Солтүстік аймақтың тарихына шолу жасап, Қожаберген жыраудан бастап Шоқан Уәлиханов, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев, Ебіней Бөкетов сынды тұлғаларды еске алады, келесі «Дальнейшая судьба отца (Жанталипа Ахмета)» тарауында әкесінің өмір жолы туралы деректер береді. Есіл боздақтың ел мұқтажын қорғауға ерте араласып, патшалық Ресей заманының да, кейін Кеңестік дәуірдің де теперішін көргені жазылады. Ол кезде отар болған елдің талай зиялы азаматтары көрген қиыншылықтарды Ахмет те көреді, жазықсыз қудаланады. Ақыры Ресейге

және «Айқап» журналдарындағы жазған мақалалары мен әңгімелерінің жинағы (1906-1915 жылдар), Ахмет Жанталинның жазып баспа жүзінде шыққан материалдарының тізімі беріліп, маңызды мақалалары жарияланады. Сондай-ақ, Ахмет Жанталин туралы жазылған мақалалар да, соның ішінде «Ленин туына» шыққан менің мақалам да келтіріліпті.

Токсанның төріне жақындаған Аида апамыз 1930 жылы 8-наурызда Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген екен. Алматыға оқуға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінде оқиды, 1973 жылы ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты дәрежесін алып, Алматы облысы Қарасай ауданында Алмалыбақ ауылында орналасқан Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтында еңбек жолын өтейді. Жұбайы солтүстікқазақстандық азамат Қабдыр Секенұлымен шаңырақ құрады. Қызы Гүлнар – ұстаз педагог, ұлы Ноян ғылым жолына түсіп, ауылшаруашылығы ғылымы кандидаты, кіші қызы Ғалия Қазақстан архитекторлар қоғамының мүшесі. Немере-шөбере сүйген ардақты ана. 1995 жылы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 50 жылдығына орай соғыста қаза тапқан үш боздақтың қарындасы, әрі тыл ардагері ретінде Москва қаласындағы салтанатқа арнаулы шақырумен қатысады. Көзкөргендерін бірнеше кітап қылып шығарды, әкесі Ахметтен басқа ағасы туралы «Тегісов Талғат Ахметович. Его имя незабвенно» (Алматы, 2009), жұбайы Қабдыр Сәкенұлымен өмірі туралы «Счастливое долголетие» деген кітаптар жазған екен. Ардақты анамызды қос мерекесімен – туған күнімен және Халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, келешек үшін әлі де табысты кітаптар жаза бер деген тілек айтамыз.



Дүниеде отбасы
бақытынан асқан бақыт жоқ та
шығар.

Бұл ретте өзгелерге өнеге болар қазақ үйелмендері аз емес. Оларды әр ауылдан, тіпті, қаладағы ынтымағы жарасқан қазақы шаңырақтар арасынан да табасыз. Мен бұл сапар қазақтың көп отбасының бірі емес, бірегейі деп білетін жағдайға тереңірек үңілгім келді. Кейінгі кезде Әйел, Махаббат, Жарасым мәселелері көбірек мазалап жүргені рас еді. Өзім жақсы білетін өнегелі жұптардың арасынан ойыма алғаш түскені – Берік пен Гүлфайруз. Иә, кәдімгі эпик жыршы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының, халықаралық ТҮРКСОЙ-дың «Мұрагер» сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР Президентінің, РФ Мәдениет министрінің Құрмет грамоталарының иегері, фольклортанушы ғалым, этномузыкатанушы, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры Берік Жүсіпов пен оның зайыбы, педагог Гүлфайруз Сәуелханқызының өмірі жайындағы қарапайым қоңыр әңгімеге қалам тартуды жөн көрдім.

«Отбасы – шағын мемлекет»
Қасым Аманжолов.

АЙАТА – АЯТА


Бала кезден алған тәлім-тәрбиесі, кейінірек екі мамандық бойынша меңгерген жоғары білімі – бәрі Гүлфайруздың отбасындағы жауапкершілігін арттыра түсті. Шаңырағындағы барлық нәрсеге өзін жауапты санап тұрады. Бұл күйеуінің басын төмендеткендік емес, қайта отағасының орнын жоғары қойып, соның жолында барлық істі атқару керектігін мойындау. Гүлфайруз үшін Берігі өнер мен ғылымның жолына түскен арда азамат. Олай болса, оның негізгі қолдаушысы отбасында болу керек деп біледі. Балаларына да әкесіне деген осындай көзқарас қалыптастырды.

Бұл жерде Гүлфайруз күйеуінің жолына өзін құрбан етіп отырған жоқ, әрине. Ол Берікке кез келген тақырыпта ой таластырып, пікір айтатын, қанаттандырып, күш беретін рухани серік. Ерлі-зайыптылар сенімді досқа айналып кеткенді кай заман! Арада жасырын сыр жоқ, бәрін ақылдасып қолға алады. Отбасын құрып, бір шаңырақ астында тұрғандарына отыз жылдай болғандықтан, ішіндегісін айтпай білетін, көңілдегісін емеуріннен түсінетін дәрежеге жеткен. Қызығы мен шайығы қатар жүретін мына қайнаған заманның кез келген сынына бірге төтеп беріп, қуанышын қатар көріп келеді. Шүкір, қазір ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отыр. Әрбір іске алдын ала көңіл бөліп, жақсы тілек, жақсы ниетпен әзірлік жасап жүреді.

Жақсы ниет дегеннен шығады, әлі немерелер жоқ кездегі бір оқиғаны айтудың реті келіп тұр. Қолы қалт етсе, қарап отырмай кітап ақтаратын, күйеуі жинаған қолжазбаларды сүзіп, қажет дүниелерін окитын Гүлфайруз, Айата деген есімді көріп, тебіреніп кетті. Бұл есімді ата-бабаларының шежіресінен көрген еді. Ертеректе өткен арғы бабасы екен. Түп мағынасы аят-хадис сөзінен шығар деп топшылады.

– Құдай қалап ұл туса да, қыз туса да Айата алғашқы немеремізге қоятын есім екен, – деді Берікке. Осы сөз екеуінің де көңіліне жазылып қалды. Негізі, бауырынан өрген балаларына ат қоюға байланысты олар ойланбай қадам жасаған емес. Міне, ендігі кезек немерелерге ұласты.

Таза қазақы ортада, қаймағы бұзылмаған салт-дәстүрді көріп өскен ерлі-зайыптылар үнемі әкешешешеш тәрбиесіне илігіп отырады. Білгендерін балаларына үйретуден де жалыққан емес. Бұл үйдегі бір жақсы әдет – ғаламтордан онай табыла кететін қажет дүниелерді



Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
ақын, Қазақстанның
Мәдениет қайраткері,
Ақпарат саласының үздігі

де балалармен бірге отырып талқылайды. Соның көбі белгілі жайт болған күннің өзінде, ортаға салып қайта бір ой жүгіртудің артықтық етпейтінін Гүлфайруз жақсы біледі.

ӘЗ АНАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖОЛЫ

Қазақ өз баласына аса көп емірене бермеген. Өйткені, оның тасасында ата мен әже тұр. «Балаға басқадан гөрі әке-шешесінің көзі тез тиеді» деген сөздің де жаны бар. Әлде бұл балажан болып кетпеу үшін әдейі айтылған ба, ол арасы белгісіз. Ал немереге келгенде, әңгіме басқа.

Алғашқы немере дүниеге келгенде, содан үш-төрт жыл бұрынғы әңгіме есіне түскен Гүлфайруз бірден: «Үлкен бабамыздың атын жаңғыртып, немереміздің есімін Аята қоямыз деп едік қой», – деді Берікке.

– Мен өзім де соны ойлап жүр едім, – деп, күйеуі қоштай кетті. Сөйтіп, отбасына Аята қосылып, қызық көбейе түсті. Екінші немересі дүниеге келгенде, енді Гүлфайрузға Берік ой салды.

– Неге екенін қайдам, көп адам ата-енемен өзара мәмілеге келе алмайды ғой. Мен болсам, сенің ата-ананнан «күйеудің орны төменде» деген сөз естіген емеспін. Шүкір, әулетіңе отыз жыл күйеу болғанда, төрден түсіп көрген жоқпын. Оның үстіне атам қазақтың «Жаман күйеу қайынсақ» деген мәтелін өзгертіп «Жақсы күйеу ғана қайынсақ бола ала-



БЕСІК ТЕРБЕТЕ әлемді тербете

ды, жаман күйеу алдымен өз кара басын қарық қылып алың!» деп қалжындап жүретінімді білесің. Марқұм апам көзінің тірісінде бізді өбектеп отырушы еді. Өзі бір жағы Өтеулі атамның Жәнібіке деген қызынан туған жиен ғой. Содан да шығар, ол кісінің орны мен үшін үнемі ойсырап тұрады. Елден тек алғыс алған сол қайран апамның атын немереме жаңғыртып қойсам деймін. Өмірдің қызығын енді көре бастағанда қосақ жарынан ойда жоқта көз жазып қалған ағамның да көңіліне қуат болсын. Апамды өз басым қатты жақсы көруші едім, бұған не дейсің? – деді күйеуі.

– Білмедім, шынымен де ол қалай болар екен, жұрт не дейді?..

– Мен Ақбастыға, ағама хабарласып рұқсатын алайын, – деп, Берік қайын атасы Сәуелханға телефон шалды.

– Өздерің солай шешіп, Ақбөпенің есімі ұмытылмасын десендер, менің қарсылығым жоқ. Кейін атын атай алмаған келіндер өздерінше бұрып айта береді ғой. Қоя беріңдер онда, айналайын, бердім рұқсатымды да, батамды да, – деп қуантты ағасы. Сөйтіп, отбасына кішкентай Ақбөпе келіп қосылды.

Ақбөпе Берік атасын «әкелеп», сондай жақсы көреді, «Әке менікі!» деп меншіктейді. Жұмысқа кетсе кәдімгідей елендеп, күтіп жүреді. Атасы жұмыстан келгенде, есіктен сығалап қарап тұрады да, еркелеп, құшағына құлап, мәз болады да қалады. Сосын жаны жай тапқандай еркінсіп, алаңсыз ойынға кіріседі. Бұл ерекше есіммен арада қандай тылсым байланыс барын кім білсін.

– Бөпешіктен кейін дүниеге ер бала келетін шығар, маған солай сезіледі. Түсімде екі күміс шақша жонып жүр екенмін. Алла қаласа, Ақмаралдың жолы Майраға да жұғысты болар. Келін ұл туса сенің папаңның атын қоямын, – деді Берік бір күні.

Сөз арасындағы жай әңгіме шығар деп ойлаған, Гүлфайруз. Күнделікті тіршілікпен уақыт зулап өтіп жатты. Ақмаралдың айы-күні жақындап қалғанда:

– Келін ұл туса ағамның атын қоямын, – деді, Берік тағы да келіншегінің есіне салып. Гүлфайруз бұл жолы қатты ойланды. Ешқандай қарсылық білдірмегенмен, ішінен «Ертенгі күні келіндер атын атай алмай жүрмес пе екен?» деп те тосырқайды. Көп толғанып барып, «Бұл да дұрыс шығар, адам мәңгілік емес қой, ертенгі күні немерелеріміз әке-шешеміздің атын жаңғыртып жүргені де жөн-ау» деген шешімге келді. «Атыңды не себепті Сәуелхан деп қойған?» дегенде, «Түп нағашы атам жақсы кісі болған екен, соның атын еншілепті» деп айтып жүреді ғой» деген ойын Берікке білдіре қоймады.

Бақыткелдінің шаңырақ көтерген тойында Гүлфайруздың әкесіне Берік:

– Аға, келіннің айы-күні жақын, ұл туса сіздің атыңызды қоямын, – деді.

– Иа, айналайын, менің қарсылығым жоқ – деп, атасы тағы да рұқсатын берді.

Қайнысының тойы өткеннен кейін, ұзамай, Ақмарал келін перзентханадан телефон шалып Берік атасынан сүйіншіні өзі сұрады. Гүлфайруздың да қуанышында шек жоқ еді. Келін ұл тапты. Кеудесін шаттық кернеген Берік:

– Айттым ғой ұл туады деп, атын ағамның құрметіне Сәуелхан қоямын, – деді де, бірден атасына телефон соқтырды.

– Аға, ұлды болдық. Бұйырса, сіздің атыңызды қояйын деп ниеттеніп жатырмыз, – деді Гүлфайруз.

– Ой, айналайын, бауы берік болсын! Менің атымды қоямын деп ниеттенсендер, мейлін, қойыңдар, – деп ризалығын білдірді. Сөйтіп үйге кішкентай Сәуелхан келіп, бастарына бас қосылды. Алақалжыны қатар жүретін күйеуі:

– Басқада шаруам шамалы, дәл осы кезде жақсы көретін атам да, енем де үйімде деп қояды...

«Сендер орыс болып кеткенсіңдер ме? Әкесінің атын баласына қойған деген немене?» деп, шынымен таңданғандар да болды. Бұл тереңірек ойланып, арыға бара алмаған кей пенделердің пікірі ғой деп ойлады Гүлфайруз. Шынында,

қазақ даласында бұған мысал жетіп-артылатын еді.

Отбасындағы әр қуанышқа Гүлфайруз шүкіршілік айтып, Жаратқанға сәт сайын ризашылығын білдіріп отырады. Әйел-ана үшін барлық қызық ошағының басында. Отбасы берекесін қашырып, шаңырақ шырқын бұзатын оғаш әдет қазаққа әуелден жат. Қазақ әйелі қоғамның ұйытқысына айналса, қазақты мазалайтын мәселе қалмас еді. Кең ауқымда ойласаңыз да, тар шеңберде айтсаңыз да, қазіргі бір анық осы. Қазақ үшін гендерлік саясаттан гөрі, отбасына оралу мәселесін қолға алған дұрысырақ шығар. Біздің ұлттық ерекшелігіміз де осында.

Гүлфайруз үнемі әлгіндей ойлардың жетегінде жүреді. Бір қолымен әлемді тербетуді үйде отырып жүзеге асыра алған әйел ғана нағыз әйел! Қазір көп айтыла бермейтіні, ұмытылып бара жатқаны болмаса, әз аналарымыздың жолы осындай болған.

Бесік тербете алмаған, әлемді тербете алмайды!

ТОКСАН ГҮЛДІҢ ТАРИХЫ

– Апайға қандай сыйлық апарамыз? Не сыйлаған жөн болар екен? – деді күйеуі.

– Токсанға аяқ басты ғой, құшағын толтырып өзі аттас тоқсан гүл сыйлайық! – деп, Гүлфайруз аяқ астынан тауып кеткеніне қуанды.

– Иа, жүз жасқа иек артып тұрған асыл ғой, ырым болсын, ендеше гүлдің санын тоқсан бір етейік, – деді күйеуі, сәл жымып.

Сонымен екеуі гүл базарына барып тоқсан бір ғұпак раушан гүлін өдемілеп будырып, салтанатты сый жасатқызды. Жұдырақтай жүрегіне қалың ел сыйған аңыз апасына Қызылорда облысының атынан әзірленген гүл шоқтары Беріктің құшағына сыймай тұрды.

Бір құшақ гүлмен үйіне кіріп барғанда, туған топырағынан дәл осындай тосын сый көтеріп енгезердей қазақ келер деп күт-

ВОЗДУШНЫЕ ЗАМКИ: ПОЧЕМУ В КАЗАХСТАНЕ БУКСЮТ РЕФОРМЫ

Известно, что Казахстан – лидер по всевозможным программам, проектам, стратегиям. При этом стало традицией принимать новые программы без всякого обсуждения предыдущих проектов. Вся информация – лишь о будущем развитии какой-либо отрасли. По этой причине большой любовью при подготовке проектов пользовались формы будущего времени глагола; редко упоминалось о том, что делается в настоящее время, а о том, что сделано – обычно избегали этого вопроса, и мало информации в прошедшем времени.

ЗОЛОТАЯ ТУФЕЛЬКА РАЗВИТИЯ

В итоге большим успехом пользовались программы, прогнозы со звучными, поэтичными названиями. Например, в начале пути была ориентация на азиатских «тигров», хотя в Казахстане было заявлено, что его опыт должен отражать конвергенцию разных образцов развития для выработки собственной модели. В частности, на Сингапур и Малайзию, которая добилась десятикратного увеличения уровня жизни менее чем за 20 лет. На основе изучения их опыта появилась известная формула «сначала экономика, потом политика». По аналогии с «тиграми» появился и казахстанский «барс».

